

**«Балауса» бөбекжай- балабақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны**

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім
бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны бойынша
өзін-өзі бағалау өткізу нәтижелерінің
АНЫҚТАМАСЫ**

**Шұбаркүдық кенті
2022 ж**

Мазмұны

Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің жалпы сипаттамасы

8. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар.

8.1. Білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі.

8.2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру.

8.3. МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру.

8.4. МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы.

8.5. Жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау.

8.6. Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы.

8.7. "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру.

8.8. Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы мониторинг) болуы.

9. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар: **9.1.** МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы.

9.2. Оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесінің сақталуы.

10. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС [2-қосымшасына](#) сәйкес туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар.

11. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

11.1. МЖМБС мен МДТО үлгілік оқу бағдарламасында анықталған әрбір білім беру саласы және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша жас топтары бойынша меңгеруге тиіс игеруге жататын білім, білік, дағдылар мен құзыреттіліктердің көлемін игеру.

11.2. Жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингі (қорытынды) нәтижелерінің болуы және талдау.

12. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

12.1. Жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау.

12.2. Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің жалпы сипаттамасы



Білім беру ұйымының толық атауы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балауса» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

Занды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, индекс 030800 Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Шұбарқұдық кенті, Асау Барақ көшесі, 8үй.

Занды тұлғаның байланыс деректері: Тел/факс: 8(713 46)2-23-13

Эл. поштасы: balausa-balabaksha@mail.ru.

Веб- сайты: <http://balausa-sh.kz/>

Инстаграмм парақшасы: [_balausa-balabakshasy](#)

Занды тұлға өкілінің байланыс деректері: Жанекешова Айсулу Максотовна 03.09.2018 жылы Шұбарқұдық округінің әкімінің № 278 өкімімен тағайындалған.

Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттар:

Ұйымының Жарғысы – «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2021 жылғы 7 шілдедегі № К90 бұйрығымен бекітілген; «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамның Ақтөбе облысы бойынша филиалының Темір аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімі заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеуі 2021 жылғы 28 шілдеде жүргізілген.

Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» ММ болып табылады.

Занды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы БИН 990740001871. № 30 бұйрық 28.07.2021 жылы берілген.

Рұқсат беру құжаттары: Білім беру қызметін жүзеге асыруды бастағаны туралы хабарлама №KZ68RVK00030594 Берілген күні: 29.01. 2021жыл.

Мектепке дейінгі ұйымының мемлекеттік басқарудың тиісті саласын басқару жөніндегі уәкілетті орган Ақтөбе облысының білім басқармасы мен Темір аудандық білім бөлімі болып табылады.

Мектепке дейінгі ұйымының заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Мекеменің атауы бар мөрі бар. Мектепке дейінгі ұйымының негізгі ғимараты 1972 жылы салынған. Қабаттылығы -2, іші жарық, тоқ жылу жүйесі, қанағаттанарлық күйде. Топтық және жатын бөлмелері 6 топқа арналған. Балабақша Ақтөбе облысының Темір ауданы Шұбарқұдық кентінде орналасқан. Балабақша тәрбиеленушілері ауыл тұрғындарының, қызметкерлердің, мұғалімдердің балалары. Балабақша ғимаратына жақын жерде округтік әкімшілік ғимараты, мектеп, Қазпошта орналасқан.

Мекеменің жұмыс тәртібі: 5 күндік, демалыс күндері- сенбі, жексенбі және мейрам күндері. Жұмыс уақыты: 08.00- 18.30. Күн тәртібі, сабақтар кестесі оқу жоспары мен СанЕмН талаптарына сәйкес құрылған. Оқу сабақтарының кестесі балалардың жас ерекшелігіне байланысты жасалған.

Мектепке дейінгі ұйымының меншік иесі құқығына иелік ететін құжаты бар Тұрақты жер пайдалану актісі бар (қосымша №7), жер учаскесінің кадастрлық нөмірі 02-031:018:1600:1-А. Жалпы алаң: 1061,9. Жер учаскесінің алаңы: 650,2га. Мектепке дейінгі ұйымның ғимараты автономды /газбен / жылытылады.

Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы туралы актісі бар. Санитарлық-эпидемиологиялық өрт қауіпсіздігі қызметтерінің қорытындысы мен тексерілген актілері бар. Мектепке дейінгі ұйымның ішкі және сыртқы келбеті СанЕмН талаптарына сай. Стандарт жүйесіне байланысты еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мектепке дейінгі ұйымда толыққанды жұмыс жақсы жүргізілген. Мекеменің қауіпті жағдайларда эвакуациялау жоспары ғимарат ішінде белгіленген. Жұмысқа жаңа қабылданған қызметкерлерге алғашқы кіріспе нұсқулықтар оқылады. Әрбір тоқсан сайын қызметкерлермен қауіпсіздік нұсқаулықтарды сақтау туралы кеңес өткізіліп, журналдарға қол қойылып отырады. Балалар мен қызметкерлердің жарақаттануы тіркелмеген. Мекемеде өрт қауіпсіздігі жөнінде, еңбек қауіпсіздігі жөнінде, балалардың өмір қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау жөнінде нұсқаулықтардың барлығы бар, құжаттары талапқа сай жүргізілген. Балабақшада балалар 3 мезгіл тамақтанады.

2022 жылғы желтоқсан айының 9 күні «Балауса» бөбекжай-балабақшасы өзін-өзі бағалауды өткізді.

1-параграф. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары.

8. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар.

8.1. Білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі.

2021-2022 оқу жылы топтарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейдегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (05.05.2020 жылғы №182 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар) және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына(ҚРБҒМ 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрық өзгерістер мен толықтырулар), Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық сыныптарында 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік ұсынымдарына сүйене отырып әр топтың оқу жоспары әзірленді. Оқу жұмыс жоспары 2021 жылдың 31 тамызында №1 педагогикалық кеңесте бекітілді.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 557 бұйрығына
1-қосымша

Мектепке дейінгі ұйымның оқу жоспары 2021-2022 оқу жылы

№	Білім беру салалары	ҰОІӘ мазмұны	Аптағы жүктеме			Жылдық ҰОІӘ		
			Кіші топ	Ортаңғы топ	Ересек топ	Кіші топ	Ортаңғы топ	Ересек топ
1	Денсаулық		3,0	3,0	3,0	108	108	108
		1.Дене шынықтыру	3,0	3,0	3,0	108	108	108
2	«Қатынас»		1,0	2,0	2,5	36	54	90
		1.Сөйлеуді дамыту	0,5	1,0	1,0	18	36	36
		2.Көркем әдебиет	0,5	0,5	1,0	18	18	36
		Қазақ (орыс тілінде оқытылатын топтарда) Орыс(қазақ тілінде оқытылатын топтарда)	-	0,5	0,5	-	-	18
3	Таным		2,0	2,5	2,5	72	90	90
		1.Математика негіздері	-	1	1	-	36	36
		2.Сенсорика	0,5	-	-	18	-	
		3.Құрастыру	0,5	0,5	0,5	18	18	18
		4.Жаратылыстану	1	1	1	36	36	36
4	Шығармашылық		3,0	3,0	3,5	108	108	126
		1.Сурет салу	1,0	1,0	1,0	36	36	36
		2.Мүсіндеу	0,25	0,25	0,5	9	9	18
		3.Апликация	0,25	0,25	0,5	9	9	18

		4.Музыка	1,5	1,5	1,5	54	54	54
5	«Әлеумет»		-	0,5	0,5	-	18	18
		1.Өзін-өзі тану	-	-	-	-	-	-
		2.Қоршаған ортамен таныстыру.	-	0,25	0,25	-	9	9
6	Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі		9	11	12	324	396	432
7	Вариативтік компонент		-	1	2	-	36	72
8	Барлығы:			12	14	324	432	504
9	Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы:		10-15 минут	15-20 минут	20-25 минут			

Ортаңғы топ (Вариативті) бөлімі

№	Тобы	Таңдау курстары	Аптағы жүктеме	Жылдық ҰОІӘ
1	«Бөбек» тобы	«Шынықсаң шымыр боларсың!»	1	36
2	«Ақбота» тобы	«Дидактикалық ойындар»	1	36
3	«Балапан» тобы	«Логика»	1	36

Ересек топ (Вариативті) бөлімі

№	Тобы	Таңдау курстары	Аптағы жүктеме	Жылдық ҰОІӘ
1	«Құлыншақ» тобы	«Шынықсаң шымыр боларсың!»	1	36
		«Бояулардың көмегі-түрлі өрнек тігеді»	1	36
		Жиыны	2	72
2	«Жұлдыз» тобы	«Әдептілік- адамгершілік әліппесі»	1	36
		«Сырлы әлем»	1	36
		Жиыны	2	72

2022-2023 оқу жылы топтарда «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары) сүйене отырып әр топтың оқу жоспары

әзірленді. Оқу жылының ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі бөбекжай-балабақшасы меңгерушісімен бекітілген, ҚР МЖМБС талаптарына сәйкес жасалған. Балалардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып, әртүрлі жастағы принцип бойынша қалыптасқан. Оқу жұмыс жоспары 2022 жылдың 31 тамызында №1 педагогикалық кеңесте бекітілді.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 557 бұйрығына
1-қосымша

Бөбек жасындағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	Жас топтары
		кіші топ (2 жастағы балалар)
1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет
	Дене шынықтыру**	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын
3	Сенсорика	күн сайын
4	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
5	Сурет салу	күн сайын
	Мүсіндеу	күн сайын
	Жапсыру	күн сайын
	Құрастыру	күн сайын
6	Музыка	аптасына бір рет
	Музыка***	күн сайын
7	Арнайы түзетуші іс-әрекет	күн сайын

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 557 бұйрығына
2-қосымша

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары.

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	Жас топтары	
		ортаңғы топ (3 жастағы балалар)	ересек топ (4 жастағы балалар)
1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет	аптасына үш рет
	Дене шынықтыру**	күн сайын	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын	күн сайын
	Қазақ тілі	аптасына бір рет	аптасына бір рет

	Қазақ тілі ***	күн сайын	күн сайын
3	Сауат ашу негіздері	-	-
4	Математика негіздері	күн сайын	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын	күн сайын
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Музыка	аптасына бір рет	аптасына екі рет
	Музыка****	күн сайын	күн сайын
8	Арнайы түзетуші іс-әрекет*****	күн сайын	күн сайын

8.2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес құрылған оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі негізінде әзірленген, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы, қауіпсіз жағдайлар жасай отырып және жаңартылған білім беру міндеттерін табысты іске асыруға ықпал ететін, кіріктіре оқыту идеялары бүгінгі күні өзекті болып табылады. «Балауса» бөбекжай-балабақшасы» дамуын жетілдіретін бағдарлама- Даму жоспары. Онда ұйымның мақсаты, міндеттері және оларды жүзеге асыру жолдары атап көрсетілген. Даму бағдарламасы 3 кезеңнен тұрады: дайындық- жоспарлау, практикалық-негізгі, қорытынды. Жоспар 2022- 2025 аралығын қамтиды.

Даму жоспары 8 бөлімнен тұрады:

Балабақшаның жылдық жұмыс жоспары 2021-2022, 2022-2023 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқаулық хатты басшылыққа ала отырып, балабақшаның даму бағдарламасына сәйкес құрылып, жұмыс жүргізілуде.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын тиімді іске асыру мақсатында балабақшада білім беру процесі негізінде тәрбиешілер және басқа да педагогтар бірлесе отырып (музыка жетекшісі) перспективалық жоспарлар талапқа сай құрылған.

«Денсаулық» білім саласы бойынша: Сауықтыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасалған. Жүйелі түрде балалардың ағзаларын шынықтыру ретінде-таңертеңгі жаттығу, серуенде қимылды ойындар, оқу

қызметінде-сергіту сәттері өтіледі. Топтағы сауықтыру шараларына да көңіл бөлінеді: күндізгі ұйқыдан кейін тітіркендіргіш кілемшелермен жүру релаксациялар, тыныс алу жаттығулары, төсекте жатып орындайтын жаттығулар комплексі ұйымдастырылған. Қимылды ойын кешен (картотека), дидактикалық ойындар кешендері, бес сала бойынша кешендер ,ұйқыдан ояну кешендері, төрт жыл мезгіліне арналған серуен кешендер топтамасы күнделікті ұтымды пайдаланылады. Денешынықтыру бойынша оқу дағдыларын меңгертті. Тәрбие мен оқытудың мазмұнын іске асыруды балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оларды жан-жақты дамытуға, әлеуметтік дағдыларын және өз бетінше үйрену дағдыларын дамытуға бағытталған білім беру салаларының («Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет») мазмұнын кіріктіру қамтамасыз етілді.

«Таным» білім беру саласы бойынша: Балалар мен педагогтың арасындағы өзара байланысы өте тиімді әрі тәрбиелік мәні болды. Балалардың іс- әрекеттері, орындаған тапсырмасы сөйлеу, санау,ажырату арқылы жетік жеткізілді ұйымдастырылған оқу қызметін өткізіп, пішіндер,алыс-жақын ұғымдарын математикалық пішіндер арқылы таныстырып ,қортынды нәтижеге жетті. Жеке-топтық жұмыстарды да ұйымдастыра алды.

«Қатынас» білім беру саласы бойынша : Тәрбиешілер ұйымдастырылған оқу қызметінде сөздік қорларын, сөйлеуін дамыту, өлеңді жалғасытыру арқылы баланың сыни ойлау мен сөзшешендігіне дағдыландыруы. Суреттерді, заттарды қарау, жанды және жансыз табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу, өзіне таныс ертегілерді сахналауға және драмалық қойылымға қызығушылығы мен ынтасы сияқты оқу дағдыларын қалыптастырды.

«Шығармашылық» білім беру саласы бойынша: Балалар шығармашылық сабақтарда жеке және топтық жұмыстарды жасауда, дәстүрден тыс сурет салуда, музыка іс-әрекетінде ырғаққа сай қимылды ойындар ойнауда шығармашылық белсенділік танытты. Мамандар күтілетін нәтижелеріне жетті.

«Әлеумет» білім беру саласы бойынша: топ тәрбиешілері ұйымдастырылған оқу қызметтерінде тәжірибе сағаттарын өткізіп, бала қажеттілігін қанағаттандырды. Балаларды қоғамда өзін-өзі ұстай білудің адамгершілік нормаларын, сондай-ақ жалпы адамзаттық құндылықтарды , баланың ересектермен және құрбыларымен қарым-қатынас жасай білуін, дербестігін тәрбиелеуді, өзінің отбасы мен құрбыларына жақындық сезімін, оларға құрметпен қарауды, эмоционалды елгезектікті, жанашырлықты , қазақ халқының, сондай-ақ басқа халықтардың тарихын, мәдениетін білу мен құрметтеуге баулыды. Вариативтік компоненттік бағдарламасы әр оқу жылы бойынша бала қызуғушылығына негізделі отырып жоспарланған. Барлық оқу жылы бойынша ата-аналармен жұмыс жүйелі түрде жүргізілгенін ұйымдастырылған іс-шаралар арқылы байқауға болады.

Мектепке дейінгі ұйым қызметінің мақсаты әрбір баланың шығармашылық, рухани дамуының мүмкіндіктері үшін қолайлы жағдай жасау, олардың табиғи дамуы мен жүйкесінің саулығын нығайту, баланың қабілеттігін олардың мүддесі мен ата-ананың сұраныстарына орай дамыту, балаларды мектепке оқуға дайындау болып табылады. 2021-2022. 2022-2023 оқу жылы бойынша ұйымдастырылған іс әрекетінің кестесін кұруда

балалардың жас ерекшеліктері, оқу әрекетінің мазмұны есепке алынған. Оқу жылының ұйымдастырылған жылдық жұмыс жоспары педагогикалық кеңесте қаралып, талқыланып, педагогикалық ұжымның келісімі бойынша балабақша меңгерушісімен бекітілген, ҚР МЖМБС талаптарына сәйкес жасалған. Балалардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып, әртүрлі жастағы принцип бойынша қалыптасқан. Инвариативті және вариативті оқу қызметінде ауытқушылықтар жоқ. Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту, физикалық дамыту; коммуникативтік дағдыларды дамыту; танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту; шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту; әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бағыттары арқылы іске асырылған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарты мен Үлгілік оқу жоспарына сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнында: тәрбиелеу-білім беру процесінің міндеттерін іске асыру; ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұны; білім беру іс-әрекетін тиімді кіріктіру; сабақтастық принциптерін, тәрбие мен оқытудың үздіксіздігін қамтамасыз ету; ұйымдастырылған іс-әрекеттің күтілетін нәтижелері қарастырыла отырып **Циклограмма** әр аптаға құрылған, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етеді. Циклограмманың құрылымы **күн тәртібіне** сәйкес құрылған. Циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптар, аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықталған; әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану, әрбір балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы заттық дамытушы ортаны (орталықтарға бөлу және оның балаларға қолжетімді болуын қарастыру, оның мүмкіндіктерін барынша қолдану) құрылған.

"Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша бағаланатын кезеңде ұйымдастырылған оқу қызметінің "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша «Жеті ойыншық» авторлық жобасы бойынша дайындалған жетілдірілген ұлттық ойыншықтарды қолдану арқылы баланы жан-жақты дамытуға қажетті соңғы үлгідегі көрнекі және ойын құралдарымен, кітаптармен **«Рухани жаңғыру сәби шақтан»** дамыту бөлмесі жабдықталған.

8.3. МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру.

Жалпы 6 топқа арналған 6 ойын, жатын бөлмелері, 12 дәретхана, 6 қабылдау бөлмесі, медбике, кір жуатын бөлме және асхана мен қойма бөлмелері

санитарлық нормаға сәйкес ұйымдастырылған. Меңгеруші, әдіскер, шаруашылық меңгерушісінің бөлмелері бар. Барлық оқу жылы бойынша жаңа оқу жылына дайындық туралы актілер бар. Бөбекжай-балбақшасының материалдық базасы СанЕмН талаптарына сай 140 тәрбиеленушілерге арнайы жабдықталған. Балабақшаның әр топтарында балалардың киімдеріне, оқу құралдарына арналаған шкафтармен, отыратын үстел, столдарымен жабдықталған. Балаларды қабылдау бөлмесі бар. Жатын бөлмесі – талапқа сай керуеттер төсектерімен жабдықталған. Тәрбиеленушілерге арналған көркем әдебиеттер, ертегілер саны - 150. Әдістемелік құралдар мен кітаптар саны - 40 кітап. «Балауса» бөбекжай-балабақшасында Қазақстан Республикасы рәміздерімен жабдықталған. Елтаңба мен ту мекеме басшысының кабинетінде талапқа сай орналастырылған.

Балабақшада әр баланың жеке тұлға боп дамуына жағдай жасалынған. Көрме, сайыстар (балалардың ата-аналармен біріккен суреттерінің және қол еңбектерінің көрмелері) ұйымдастырылады. Әр топта баланың дамуына оның жасы, психофизикалық дамуына жағдай жасалған. Барлық жабдықтар және ойын құралдары аймақтарда дұрыс орналасқан. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын жалпы қауіпсіз, қолжетімді орналасқан, әртүрлі, мазмұнды, өзгермелі талаптар сақталған, танымдық ойыншықтар, қарапайым пазлдар, зерттеушілік қызығушылығын белсендіретін қозғалмалы ойыншықтар, қимылды ойындарға қажетті құралдар, оның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытатын ойын құралдары, жұмсақ модульдер, қауіпсіз табиғи материалдардан жасалған ойыншықтармен жабдықталған. Дамытушы ойыншықтар, құрастыруға арналған жинақтар, сурет салуға арналған құралдармен және соған лайық жайлы орындармен толықтыру, қол еңбегіне арналған құралдар мен ойыншықтар, театрландырылған ойынға арналған жинақтар, қуыршақтар, түрлі машиналар, танымдық қызығушылығын жетілдіруге арналған табиғи материалдар, шағын модельдер, алғашқы математикалық ұғымдарды игеруге ықпал ететін әртүрлі материалдар, үлкен шрифтті бар кітаптар, боямақтар, сандары бар оқулықтар, сандары мен әріптері бар үстел үсті ойындары, оқу құралдары, балалар энциклопедиялары, ғаламшардың жануарлары мен өсімдіктер әлемі, әртүрлі елдердің адамдарының өмірі туралы иллюстрацияланған басылымдар, балалар журналдары, альбомдар, суреттер мен карточкалармен жабдықталған. Топтарды безендіру баланың эстетикалық, патриоттық дамуына әсерін тигізеді. Барлық топтарда жас ерекшеліктеріне сай үлгілер, түрлі бағыттағы көркем сурет, ұлттық қолөнер заттары бар. Балалардың сурет салуға, мүсіндеуге қарындаштары, қағаздары, ермексаздары, әртүрлі бояулары қолжетімді орналасқан бұрыштары бар. Топтарда музыкалық бұрыш бар. Театрланған әрекеттер үшін түрлі жабдықтар (қуыршақтар, театрлық костюмдер, шымылдық), театрдың бірнеше түрі (көлеңкелік, үстелдік және т.б.) бар. Педагогтармен жоспарлы сюжетті-рөлдік қойылым көрсетіледі. Бұл балалардың адамгершілік құзыреттіліктерін дамытады. Экологиялық орталықта экологиялық мәдениетті дамытуға арналған көрнекі құралдар (альбомдар, сурет жинақтары, дидактикалық ойындар және т.б.) сияқты иллюстративті материалдар; көгалдандыру бұрыштары (үй өсімдіктері) бар, (лото, домино, сурет жиынтықтары) әр түрлі сюжетті ойын жиынтықтары және қуыршақтар мен әртүрлі пішіндегі жануарлар, ойыншық жиһаздар, ойыншық телефон сияқты

және балалардың әр түрлі кәсіп түріне бейімделіп дамуына арналған «Дүкен», «Шаштараз», «Аурухана» және т.б. тақырыптары бойынша түрлі жиынтықтар бар. Серуен кезінде ойнауға арналған (шелек, күрек, түрлі пішіндер, қалақтар, шана, сырғанақ, велосипедтер т.б.) ойыншықтары бар. Орталықтағы ойыншықтардың барлығы тақырыпқа сай орнатылған, әрбір бала өзіне ұнаған ойыншықты алып, басқа балаларға кедергі жасамайды. Әрбір топта осы балбақшамыздың қызметкерлері дайындап жасаған (ой қабілетін, қол саусақтарын дамытуға) дидактикалық материалдар бар. Топтарда балалардың құрастыру қызметін дамытуға арналған барлық жағдай жасалған. Сонымен қатар ұсақ және ірі құрылыс материалдары (әр түрлі әдіспен құрастыратын фетрден, кәушіктен) түрлі құрастырғыштар, түрлі құрылыс схемалары, сызбалары, мозайкалар, танграммалары бар.

8.4. МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы.

«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МДҰ-ң іс номенклатурасы ҚР Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 22 желтоқсандағы № 144 «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасаудың және құжаттаманы басқарудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес дайындалған. Іс номенклатурасы қызмет бағыттары мен құрылымдық бөлімшелер тізбелерінен құрылған:

Басқару қызметі.

Шаруашылық бөлімі.

Медициналық қызмет.

Бастауыш кәсіподақ қызметі

Тәрбиешілер

Ұйымның іс номенклатурасы аудандық мұрағат меңгерушісімен бекітілген.

Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәлімет

«Балауса» бөбекжай-балабақшасында 2021-2022 және 2022-2023 оқу жылындағы штаттық кестесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысы негізіндегі мектепке дейінгі ұйымдардың үлгі штаттық кестесіне сәйкес құрылған. Штаттық кестелер Темір аудандық білім бөлімінің басшысымен бекітілген. (қосымша №14) Штаттық кесте бойынша - 18 педагог жұмыс жасайды. Оның ішінде: меңгеруші-1, психолог-1, әдіскер-1, музыка жетекшісі-1, 14 тәрбиеші.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысы негізіндегі мектепке дейінгі ұйымдардың үлгі штаттық кестесіне сәйкестігі кестеде берілген:

№77 қаулысы бойынша		«Балауса» МДҰ	
Меңгеруші	1	Меңгеруші	1
Әдіскер	0,5	Әдіскер	1
Психолог	0,5	Психолог	1
Тәрбиешілер	2	Тәрбиешілер	14
Тәрбиеші көмекшісі	1	Тәрбиеші көмекшісі	7
Меңгерушінің шаруашылық жөніндегі	1	Меңгерушінің шаруашылық	1

орынбасары		жөніндегі орынбасары	
Есепші	1	Есепші	1
Медбике	1	Медбике	1
Аспаз	3	Аспаз	3
Көмекші жұмысшы	0,5	Үй-жа тазалаушы	1
Ғимараттарда кешенді қызмет көрсетеді және жөндейтін жұмысшы	1,5	Ғимараттарды жөндейтін жұмысшы	1,5
Кастелянша	0,5	Кастелянша	0,5
Кір жуу машинасының операторы	1	Кір жуу машинасының операторы	1
Хатшы	0,5	Хатшы	0,5
Күзетші	3	Күзетші	3

Педагог мамандары құрамының білім деңгейлері

Оқу жылы	Жоғары	Аяқталмаған жоғары	Арнаулы орта	Аяқталмаған орта
2021-2022	9	1	8	0
2022-2023	11	0	8	0

2021-2022 оқу жылында педагогтардың ішінде жоғары білімі бар- 9 педагог (50%), арнаулы орта білімі бар - 9 педагог (50%), соның ішінде мектепке дейінгі білімі бар 17 (94%)- педагог , аяқталмаған арнаулы орта білімді – 1 (6%) педагог болса, 2022-2023 оқу жылында жоғары білімі бар 11 педагог (61%), арнаулы орта білімі бар - 8 педагог (39%), соның ішінде мектепке дейінгі білімі бар 18 (100%)- педагог бар.

Біліктілік санаты бойынша педагогтар құрамы:

Оқу жылы	Жоғары санатты	I санатты	II санатты	Санатсыз	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер
2021-2022		3	1	3	-	-	-	-
2022-2023		2	0	4	6	4	2	-

Жоғары санаты педагогтар жоқ. Бірінші, екінші, педагог-зерттеуші, сарапшы, модератор санаты бар педагогтардың саны- 14 (78,%).

Өткен жылдармен салыстырғанда педагогтардың сапалық қуаты жоғары. Педагогтардың еңбек етуіне жағдай толық жасалған. Меңгеруші, әдіскер кабинеті бар. Кабинетте 2 компьютер бар. Педагогтардың кабинетте отырып жұмыс жасауына үстел қойылған. Педагогтардың еңбегін мадақтау жүйесі толық қалыптасқан. Педагогтарды бағалау мақсатында оқу жылының қорытындысы бойынша педагог қызметкердің жыл сайынғы рейтингі шығарылған.

«Балауса» бөбекжай-балабақшасының педагогтары білім беру мен тәрбиелеу арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етуді үздіксіз жүзеге асыру мақсатында, педагогикалық шеберлікті жетілдіруге мүмкіндік беретін аудиториялық және қашықтықтан оқыту нысанында біліктілікті арттыру курстарынан өткен. Педагогтердің кәсіби өсуінің үздіксіздігі қамтамасыз етілген.

Оқу жылдары	Педагог тар саны	Обл.білім жетілдіру институты; «Өрлеу»БАҰО АҚ Ақтөбе облысы бойынша ПҚБАИ	ҚРБҒМ «ПШО Орталығы»	Басқа	Курстан өткен барлық педагогтар саны
2021-2022	18	7	2		9
2022-2023	18	2	2		4
оқу жылы бойынша біліктілік арттыру курснан өткен мамандар үлесі					13 (72 %)

Соңғы екі жылдық салыстырмалы көрсеткіште берілгендей облыстық біліктілікті арттыру институтында қайта даярлау және біліктілікті арттырудың курстарына бару алғашқы оқу жылында 72 % .

№	Педагогтың аты жөні	қызметі	Курстан өткен жылы	Курс тақырыбы
1	Жанекешова Айсулу Максотовна	Меңгеруші	2021	ПШО «Мектепке дейінгі ұйымды басқарудың тиімді менеджменті» Академиялық 80 сағат.
2	Сағизбаева Жансая Жумасейтовна	Әдіскер	2021	ПШО Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің БАББ бағдарламасы бойынша 235 академиялық сағат көлемінде оқу курсын аяқтады.
3	Нышанова Гульшат Андировна	Тәрбиеші	2021	«Өрлеу» БАҰО» АҚ Мектепке дейінгі ұйымның сапасын бағалау негізінде заттық- кеңістіктік дамытушы ортасын жобалау 72 сағат
4	Сугралина Гульдарига Тулкибаевна	Тәрбиеші	2021	«Өрлеу» БАҰО» АҚ Мектепке дейінгі ұйымның сапасын бағалау негізінде заттық- кеңістіктік дамытушы ортасын жобалау 72 сағат әдістемесі»
5	Усенова Дина Жоламановна	Тәрбиеші	2019	«Өрлеу» БАҰО» АҚ «Мектепке дейінгі ұйымда білім беру процесін жобалау» 72 сағат
6	Шаменова Куляш Базарбаевна	Тәрбиеші	2018	«Өрлеу» БАҰО» АҚ Білім беру процесін жалпы білім берудің жаңа үлгілік бағдарламасына сәйкес жобалау»
7	Артыкбаева Ыкбал Нурмухановна	Тәрбиеші	2021	«Өрлеу» БАҰО» АҚ Мектепке дейінгі ұйымның сапасын бағалау негізінде заттық- кеңістіктік дамытушы ортасын жобалау 72 сағат
8	Казыбаева Айжан Абатовна	Тәрбиеші	2019	«Өрлеу» БАҰО» АҚ МДҰ білім беру процесін жобалау
9	Алтыбаева Базаргуль Жарасовна	Тәрбиеші	2019	ПШО Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша
10	Жумабаева Гульзат Муратовна	Тәрбиеші	2021	«Өрлеу» БАҰО» АҚ «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологиялары» 80 сағаттық
11	Тобылова Айгерим Уразғалиевна	Тәрбиеші	2021	«Өрлеу» АҚ Мектепке дейінгі ұйымның сапасын бағалау негізінде заттық- кеңістіктік дамытушы ортасын жобалау 72 сағат
12	Кошаханова Гульшара Сериковна	Тәрбиеші	2022	«Өрлеу»БАҰО АҚ Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту 72 сағат
13	Алжанова Зейнегуль Бактығалиевна	Тәрбиеші	2021 2022	«Өрлеу»БАҰО АҚ «Мектепке дейінгі ұйымның сапасын бағалау негізінде заттық-кеңістіктік дамытушы ортасын жобалау» 80 сағаттық базалық курс ПШО Баланы ерте жастан дамыту бағдарламалары 170 сағат
14	Әбдіқамал Еңілік Берікқызы	Тәрбиеші	2020	«Өрлеу» БАҰО АҚ МДББ мазмұнын жаңарту жағдайындағы әдістемелік 72 сағат
15	Алчурина Кәмшат Мұамбетиярқызы	Тәрбиеші	2021	«Өрлеу» БАҰО» АҚ Мектепке дейінгі ұйымның сапасын бағалау негізінде заттық- кеңістіктік дамытушы ортасын жобалау 72 сағат
16	Балмагамбетова Жұлдыз Аккуатовна	Тәрбиеші	2020	«Өрлеу» БАҰО АҚ МДББ мазмұнын жаңарту
17	Аденова Айдана Аманбековна	Тәрбиеші	2021	«Өрлеу»БАҰО АҚ МДББ мазмұнын жаңарту жағдайындағы әдістемелік 72 сағат
18	Картбаева Гүлсана Мерхатқызы	Музыка жетекшісі	2022	«Өрлеу» БАҰО» АҚ «Музыка пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту» 72 сағат

ҚР Білім және ғылым министрінің 13.07.2009 ж. №338 «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығын, ҚР «Білім туралы» заңын, Жарғы мен ішкі тәртіп ережесін басшылыққа ала отырып, МДҰ-да қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары жазылған. Жалпы ереже, міндеттер, құқықтар, жауапкершілік тармақшаларынан тұратын лауазымдық нұсқаулық әрбір қызметкерге берілгендігі туралы жинақ папкасы мен журналы бар.

МДҰ бірнеше функцияларды орындайтын ұйым: оқыту- тәрбиелеу, шаруашылық қызмет, кадр және әдістемелік қамтамасыз ету; аталмыш үдерісті басқару және әкімшілік қызмет. Қазіргі таңда заңды функцияны ұйымда Педагогикалық кеңес және жалпы ұжым жиналысы орындайды. Мектепке дейінгі ұйымды басқаруды мекеменің меңгерушісі жүргізеді.

Меңгеруші тарапынан бақылау жоспары, циклограммасы құрылған. Оның тексеретін объектілері:

- Тәрбиеленушілердің өмір қауіпсіздігі мен денсаулықтарын сақтау;
- Оқыту- тәрбиелеу жұмысы;
- Кадр мәселесі, педагогтердің аттестациясы, санаттарын көтеру;
- Социуммен байланыс;
- Әкімшілік- шаруашылық және қаржылық қызмет;
- Мекемеде тамақтануды ұйымдастыру;
- Балалар мен қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі мен техника қауіпсіздігі.

Бақылау сұрақтары әртүрлі деңгейде: педагогикалық кеңестерде, жалпы ұжым жиналысында, өндірістік жиналыстарда, меңгеруші жанындағы отырыстарда қаралады.

Меңгерушінің нормативті құжаттарға арналған жинақ папкасы бар. Меңгерушіге қажетті барлық құжаттары талапқа сай. Бұйрықтар кітаптары сауатты жүргізілген, тігілген, нөмірленген.

Әдіскер жұмыс жоспары негізінде балалармен, ата-аналармен, педагогтермен жүйелі жұмыстар жүргізген. Әдіскер құжаттары іс номенклатурада берілгендей талапқа сай, құжаттары толық жинақталған.

«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МДҰ-ң басқару жүйесі Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Білім туралы» Заңына, «Мектепке дейінгі ұйымдар ережесіне», Жарғыға, бұйрықтар мен үкімдерге сай құрылған. Басшылық сонымен қатар өндірістік жиналыстарда, жалпы ұжым жиналыстарында, кәсіподақ ұйымының жиналыстарында қабылданған локальді актілер түрлеріне сүйене отырып жұмыс жасайды:

- Балабақшаның меңгерушісінің негізгі бұйрығы;
- Ішкі еңбек тәртіп ережесі;
- Ұжымдық шарт;
- Еңбек қауіпсіздігі мен техника қауіпсіздігі нұсқаулықтары;
- Лауазымдық міндеттер;
- Педагогикалық кеңес туралы.

МДҰ-да әкімшілік басқаруды меңгеруші және әдіскер жүргізеді.

МДҰ-ғы педагогикалық кеңестер жылдық жоспарға сай өткізілген, хаттамалары жазылып нөмірленген, тігілген, мөр басылған.

Басшылық қызметі бойынша медбикенің, шаруашылық меңгерушісінің құжаттарының жүргізілуі тексеріледі.

Медбикенің құжаттары (медбике: Аймуратова Гульмира) Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 09.07.2021 жылғы № ҚР ДСМ -59 бұйрығы бойынша жинақталған. 2012 жылдың 28 ақпандағы №28—ші Темір ауданды бойынша мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы мемлекеттік мекемесінің ұйғарымы негізінде медициналық кабинеті қайта жаңартылып пайдалануға берілген. Сол талапқа сай медбикеде нормативтік құжаттар, нұсқаулықтар, кеңестер папкаларының жинағы бар. Медбикенің бақылау функциясы бойынша ай, апта, күн сайын топ араланып, балалар қатысымы, аурулары, топтың санитариялық жағдайы және балалардың мәдени- гигиеналық талаптары орындаулауын қадағалайды. Сонымен қатар балаларды дәрігерлік байқаудан өткізу кестесі, профилактикалық егу шараларының жүргізілуі тексеріледі.

Шаруашылық меңгерушісінің (Ибрагимова Наталья) құжаттары да талапқа сай. Ол өзінің лауазымдық міндеттеріне сай мүліктердің сақталуын, жөнделуінің жүргізу реті, тиісті есеп алым-беру актілері, жылу, жарық, электр, желдеткіш жүйелерінің дұрыс жұмыс жасауы бойынша құжаттары тексеріледі. Шаруашылық меңгерушісінің еңбек қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі журналдары, жинақ папкалары қаралды. Барлығы талапқа сай.

8.5. Жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау.

Педагогикалық ұйымның қызметіне негізгі психологиялық идеяны – әр бала тұлғасының үйлесімді даму мүмкіндігін енгізіп, оның тәжірибелік тұрғыдан жүзеге асуына ықпал етті. Зерттеулер жас ерекшеліктеріне сәйкес сапалы, бала тұлғасына білім беру ортасына әсері нәтижелерінің диагностикасына негізделген. Диагностикалық зерттеулер қабылданған шаралардың нәтижелілігін қадағалау мақсатында түзетуші-дамытушы жұмыстар жүргізілгеннен кейін де өткізілді. Тәрбиеленушілердің білімін мөлшерлеуші ретінде, балалардың танымдық процестерін диагностикалық картасы қолданылады. Бұл үшін барлық жастағы балаларды зерттеу картасы әзірленген. Мөлшерлеу құралы болып, әр түрлі тақырыптағы тапсырмалар бойынша әр түрлі жастағы топтарда жүйелендірілген дидактикалық материалдар қолданылған. Балаларды бақылау әңгімелесу, бала әрекетінің өнімдерін талдау, диагностикалық жағдаяттар арқылы жүзеге асырылған. Түзету-дамытуда ойлауды дамытуға арналған ойын, сенсорикалық, ұсақ қол моторикасың, ойлау қаблетін дамыту бойынша педагогикалық-психологиялық қолдау жұмыстары жүргізілген. Ерекше және мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу және оқыту кезінде баланың білім алу қажеттіліктеріне сәйкес үлгілік оқу, арнайы, жеке/бейімделген білім беру бағдарламалары қолданылады.

8.6.Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы.

Мектепке дейінгі ұйымның білім беру процесінің тиімділігі, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізілді (бастапқы қыркүйекте аралық-қаңтарда және қорытынды-мамыр айында). Мониторингтің мақсаты: - баланың жетістіктерін қадағалау;

- балаларды тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілдерді қамтамасыз ету;
- түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру процесін жетілдіру;
- баланың Бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау. Нәтижелер «Бақылау парағында» толтырылған. Алынған мәліметтер негізінде Баланың жеке даму картасы толтырылған. Баланың жеке даму картасының «Түзету іс-шаралары» бөлімінде диагностика мәліметтерінің қорытындысы бойынша балалармен жұмыс істейтін педагогтер мен мамандар баланы одан әрі дамыту іс-шараларын толтырған. Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке даму жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің яғни, балабақшаның барлық топтардың тәрбиеленушілерінің тізімі жасақталған.

8.7."Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру.

Балалардың жас және жеке ерекшеліктері ескеріліп, оларды жан-жақты дамытуға әлеуметтік дағдылары мен өзін-өзі үйрету дағдыларын дамытуға бағытталған "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асырылды. 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында балабақшада түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы кіріктіру жолдарымен іске асырылатын білім беру салаларына негізделген нәтижелері, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған көптеген іс-шаралар ұйымдастырылды. Жоспарға сәйкес өткізілетін ертеңгіліктер мен мерекелік концерттен бөлек, тәрбиеленушілердің бойындағы жеке қасиеттерін ашатын конкурстар мен байқауларға қатысқан марапаттары бар.

8.8.Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы мониторинг) болуы.

Р/с№	Дағдылар тізбесі	Бөбек жасы (1-3 жас)		Мектепке дейінгі жас (3-6 жас)					
		Кіші жас (2 жастан бастап)		Орта жас (3 жастан бастап)		Ересек жас (4 жастан бастап)		Барлығы игерген %	
		Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны	Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Барлығы топтар саны/ балалардың саны	Барлығы дағдыларды игерген балалар саны

			саны %*					саны*	%*
1	2	5	6	7	8	9	10	13	14
1	Денсаулық дағдылары	1/29	6/21%	3/61	12/17%	2/46	35/76%	6/136	53/39%
2	Коммуникативтік-тілдік дағдылар	1/29	7/24%	3/61	15/25%	2/46	35/76%	6/136	57/42%
3	Танымдық дағдылар	1/29	6/21%	3/61	17/28%	2/46	25/54%	6/136	48/35%
4	Шығармашылық дағдылар	1/29	5/17%	3/61	21/34%	2/46	27/59%	6/136	53/39%
5	Әлеуметтік дағдылар			3/61	9/14%	2/46	30/64%	6/136	39/29%

9. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

9.1.МДТО ҰОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы.

Оқу жұмыс жоспарындағы сағаттар 2021-2022 оқу жылында оқу қызметінің кестесінде толық көрсетілген. Оқу жүктемесінің көлемі кіші топта 9 сағат, орта топтарда -12 сағат, оның ішінде 1 сағат вариативтік бөлім болса ересек топтарда -14 сағат, оның ішінде 2 сағат вариативтік бөлім. ҰОЖ күн тәртібіне және оқу жұмыс жоспарына сәйкес келеді.

2022-2023 оқу жылында тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша: физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылды, дене шынықтыру; сөйлеуді дамыту; көркем әдебиет; сауат ашу негіздері; қазақ тілі; сенсорика; математика негіздері; құрастыру; қоршаған ортамен таныстыру; сурет салу; мүсіндеу; жапсыру; музыка. Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді.

9.2.Оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесінің сақталуы.

2021-2022 оқу жылында оқу жүктемесінің көлемі кіші топта 9 сағат, ҰОЖ-нің ұзақтығы 10-15 минут. орта топтарда -12 сағат, оның ішінде 1 сағат вариативтік бөлім, ҰОЖ-нің ұзақтығы 15-20 минут, ересек топтарда -14 сағат, оның ішінде 2 сағат вариативтік бөлім, ҰОЖ-нің ұзақтығы 20-25 минут. ҰОЖ күн тәртібіне және оқу жұмыс жоспарына сәйкес келеді.

2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі: ойын арқылы оқыту; түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту қағидаларды күні бойы ұйымдастырған іс-әрекеттерде пайдалануды назарда ұстау ұсынылды.

10. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған стандартына (2018) сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – оқу бағдарламасы) әзірленді. Оқу бағдарламасында мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің интеграциялану, сабақтастық, үздіксіздік принциптері белгіленген. Бағаланатын оқу жылдары бойынша «Балауса» бөбекжай-балабақшасында балаларды мектепке әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік-жігерлік, физикалық және интеллектуалдық тұрғыдан даярлау жүзеге асырылған. Балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру, танымдық және әлеуметтік уәждері, білім алуға ынтасы мен қызығушылығы арттырылды. Жаңартылған оқу бағдарламасы педагогтердің тәжірибесіне бағыт-бағдар беріп, балаларды тәрбиелеу мен оқыту қызметіне жоғары нәтижеге жетуге жетеледі. Оқу бағдарламасы оқыту мақсаттары мен күтілетін нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған педагогикалық әдіс-тәсілдер, педагогикалық тәжірибе оқу жылдарының күткен нәтижесіне жеткізді. Ересек жастағы тәрбиеленушілер саны-46 Ата-аналар саны-46. Сауалнамаға барлық ата-аналар толық қатысты.

Сауалнаманың нәтижесінде:

Дағдылар тізбесі	Келісемін	Толығымен келісемін
Денсаулық дағдылары	12/ 26 %	34/74%
Коммуникативтік-тілдік дағдылар	12/ 26 %	34/74%
Танымдық дағдылар	12/ 26 %	34/74%
Шығармашылық дағдылар	12/ 26 %	34/74%
Әлеуметтік дағдылар	12/ 26 %	34/74%
Бөбекжай-балабақшасы жұмысының жоғары деңгейлік көрсеткіші		74%

Сауалнаманы талдай отырып, мынадай қорытынды анықталды.

11. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

11.1. МЖМБС мен МДТО үлгілік оқу бағдарламасында анықталған әрбір білім беру саласы және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша жас топтары бойынша меңгеруге тиіс игеруге жататын білім, білік, дағдылар мен құзыреттіліктердің көлемін игеру.

Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленушілердің танымдық, психологиялық, тұлғалық қабілеттері мен ерекшеліктерін дамыту мақсатында денсаулық сақтау технологиялары және мнематехникалық әдіс қолданылып келеді. Сонымен бірге, балалармен күнделікті жұмыс істеу барысында балабақша педагогтері дәстүрден тыс сурет салу ертегі терапиясы, музыка терапиясы, ойын, сахналау, сияқты оқыту мен тәрбиелеудің белсенді формаларын қолданып келеді. МДҰ-да қолданылатын оқыту мен тәрбиелеудің түрлері мен әдіс-тәсілдерді таңдауда балабақша тәрбиеленушілердің жеке қабілеттері мен ерекшеліктері және

мүмкіндіктері ескеріледі. Кіші жастағы балалар арасында денсаулық сақтау технологияларына мән берілсе, ортаңғы топтың балалары арасында олардың танымдық, зерттеушілік қабілеттерін дамыту мақсатында жобалау жүргізу сияқты әдістер кеңінен қолданылады.

Балабақшадағы топтардың тәрбиешілерінің бес білім беру саласы және кіріктірілген түрде ҰОҚ көрсетілімдері өткізіліп, талданды. Педагогтар балалармен өткізген ҰОҚ шаттық шеңбермен бастаған. Балалардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып, көрнекіліктерді кеңінен қолдана алады. Балалардың бойында креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағыттылған жұмыстар ұйымдастырылған оқу қызметінде пайдаланады.

11.2. Жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингі (қорытынды) нәтижелерінің болуы және талдау.

Білім беру ұйымдарын бағалау
өлшемшарттарына
8-қосымша

Р/с№	Дағдылар тізбесі	Бөбек жасы (1-3 жас)		Мектепке дейінгі жас (3-6 жас)					
		Кіші жас (2 жастан бастап)		Орта жас (3 жастан бастап)		Ересек жас (4 жастан бастап)		Барлығы игерген %	
		Топтар саны/балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Барлығы топтар саны/балалардың саны*	Барлығы дағдыларды игерген балалар саны %*
1	2	5	6	7	8	9	10	13	14
1	Денсаулық дағдылары	1/29	13/45%	3/65	50/77%	2/46	46/100%	6/140	109/77%
2	Коммуникативтік-тілдік дағдылар	1/29	11/38%	3/65	40/62%	2/46	39/85%	6/140	90/64%
3	Танымдық дағдылар	1/29	11/38%	3/65	46/71%	2/46	43/93%	6/140	100/71%
4	Шығармашылық дағдылар	1/29	18/62%	3/65	48/74%	2/46	41/89%	6/140	107/76%
5	Әлеуметтік дағдылар			3/65	44/68%	2/46	44/96%	6/140	88/63%

12. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

12.1. Жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау.

ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулысы және «ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 09 маусымындағы №633 «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес» «Балауса» бөбекжай-балабақшасы» мектепке дейінгі ұйымына балалар қабылдау жұмысы жүргізілген. Балабақшаға тәрбиеленушілер контингенті балабақшаға жолдаманы **eaktobe.kz** мемлекеттік

қызметтер алудың бірінғай орталығы арқылы алады. Алған жолдамаларды ата-аналар немесе заңды өкілдері www.egov.kz сайты арқылы өтініш бере отырып, түскен өтініштер <https://es.iac.kz> жүйесі арқылы қабылданады. Балабақшаға келген ата-ана немесе заңды өкілдер электронды өтініштері, балабақшамен келісімшарт толтырылған. Шартта мекеменің және ата-ананың міндеттері мен құқықтары көрсетілген. Сонымен қатар онда баланың мектепке дейінгі ұйымға бару тәртібі, тамақтану жиілігі, қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерін көрсету деңгейі және ұсыну мерзімі, баланы күтіп-бағу ақысының мөлшері және өзге де шарттар айқындалған. Барлық құжаттар реттелген. Келген балалар құжаттарын қабылдау ережесі, балалар қозғалыс кітабы, жолдамаларын тіркеу журналы талапқа сай жүргізілген. Барлық құжаттар нөмірленген және тігілген.

12.2. Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Балабақшаның құжаттарын зерттеу барысында балабақшаның тәрбиеленушілерінің үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген әрбір білім саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінде меңгерген тиісті білім, білік дағдылардың меңгерген көлемін көруге болады.

Өзін-өзі бағалаудың нәтижелерін қорытындылау:

Өзін-өзі бағалау барысында комиссия ұсынады:

- алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені насихаттау жұмысын жалғастыру;
- педагогтардың облыстық, республикалық конкурстарға қатысуын жалғастыру;

Өзін-өзі бағалау, яғни мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының орындалуын, оқу-әдістемелік ғылыми зерттеу, тәрбие жұмыстарын, тәрбиеленушілер білімдерінің деңгейін тексеру, материалдық-әлеуметтік базасының жағдайы және кадрлардың кәсібилігін, сауалнамаларды жан-жақты талдау барысында **«Балауса» бөбекжай-балабақшасы мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сай екендігін көрсетті.**

Комиссия төрайымы : А.М. Жанекешова

Комиссия мүшелері : К.Б. Шаменова

Ж.Ж. Сагизбаева

Г.Т. Сугралина

Н.С. Ибрагимова



Handwritten signatures in blue ink:
Жанекешова
Шаменова
Сагизбаева
Сугралина
Ибрагимова

